

МЕКТЕПТЕГІ МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ



Әлімбекова Әлия Сейсенқызы
ОблӘК «ШЖМ дамыту» бөлімнің жетекшісі


E-mail: 1712195951@mail.ru

ЖОСПАР

1. Мектепішілік бақылаудың мәні мен ерекшеліктері
2. Мектепішілік бақылау технологиясы
3. Мектепішілік бақылау ТҮРЛЕРІ, ФОРМАЛАРЫ,
ӘДІСТЕРІ
4. Мектепішілік бақылауды ҚҰЖАТТАУ
5. Практикум

1. Мектепішілік бақылаудың мәні мен ерекшеліктері





“Мектепішілік бақылау” ұғымы

- Мектепішілік бақылау - бұл мектептің барлық жұмысын оның алдына қойылған тапсырмаларға сай үйлестіру мен оңтайландыру мақсатында білім беру ұйымындағы оқу тәрбие процесін жан-жақты оқу мен талдау жасайтын, сондай ақ қателіктердің алдын алу мен педагогикалық ұжымға кәсіби көмек көрсететін біртұтас процесс. Сонымен бірге МІБ - бұл мектептегі білім беру процесінің өзекті мәселелері мен қатар білім ұйымы қызметін анықтаудағы маңызды ақпараттардың қайнар көзі.
- Бұл жұмыс мектеп әкімшілігі мүшелерінің өз құзырлықтары шеңберінде мектеп жұмысшыларының Қазақстан Республикасының заңдары мен басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарды орындауын бақылау мен басқару бағытында жүзеге асыратын тексеру мен байқау жүргізуін ұсынады.

Мектепшілік бақылаудың ЕҢ басты МАҚСАТЫ



Оқу – тәрбие процессінің барысы мен нәтижелерінің мемлекеттің, үкіметтің директивті ұстанымдарына, оқу бағдарламасының, білімнің жаңа мазмұнына және тәрбие жұмысының үлгі мазмұнына сай келуін анықтау және оны сақтау.



Мектепішілік бақылаудың мақсаттары:

- ✓ білім беру ұйымының педагогикалық жүйесінің жалпы білім берудің мемлекеттік стандартына сай жұмыс істеуі мен дамуының мектептегі білім беру процесін ары қарай дамыту ұсыныстары мен объективті тұжырымдамаларды қамтамасыз ететін себеп - салдарлық байланыстарын орнатуды анықтау;
- ✓ Жеке тұлғаның келешек және маңызды қажеттіліктеріне сай және оның фундаметальды негізін сақтап қалуға негізделген мектеп ұжымының қол жетімді және сапалы қызметін жетілдіру;
 - Оқушының білім әлеуетін анықтау және жүзеге асыру, жеке тұлғаның жан-жақты даму динамикасын бақылау;
 - Білім мекемелерінің білім беру процесін қамтамасыз ету мен ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сай жұмыс істеуін қамтамасыз ету.



Бақылау МИССИЯСЫ

Бақылауды диагностика негізіне көшіру(аудару) және оны мұғалім қызметінің шығармашылық бастамаларын дамыту құралына айналдыру



Мектепішілік бақылаудың міндеттері:

- Қазақстан Республикасының білім беру аумағындағы заңнамаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- заңнамаларды және басқа да нормативті -құқықтық актілерді бұзу және орындамау жағдайларын анықтау, оны болдырмау шараларын жүргізу;
- талапты бұзу себептерін анықтау, оның алдын алу шараларын жүргізу;
- педагогтардың қызметінің нәтижесінің тиімділігін талдау және эксперттік баға беру;
- педагогикалық қызмет нәтижесін оқып зерттеу, білім беру процесін ұйымдастырудағы оң және кері тенденцияларды анықтау және осының негізінде кері тенденцияларды болдырмау жайында педагогикалық тәжірибені таратуды ұсыну;
- мектепте Бұйрық пен нұсқаулардың жүзеге асырылу нәтижелерін талдау;
- педагогтарға бақылау барысында әдістемелік көмек көрсету.

Бұл негізгі мақсатты жүзеге асырудың (Куриленко Т.М. бойынша) Басты міндеттері:

- Әрбір оқу пәніне қойылатын мемлекеттің бағдарлама талаптарының орындалуын оқтын – оқтын (периодически) тексеру;
- оқу пәндерін оқыту сапасын, мұғалімдердің оқу - тәрбие жұмысының формалары мен әдістеріне, мазмұнына қойылатын ғылыми негізделген талаптарды мептепті дамыту міндеттерін ескере отырып орындауын жүйелі бақылау;
- оқушылардың білімді меңгеру процессін, олардың даму және тәрбиелік деңгейін, сондай ақ өз бетінше білім алу әдістерін меңгеруін кезеңмен бақылау;
- мұғалімдерге оқу - тәрбие жұмысының барысында және олардың өздерінің педагогикалық шеберліктерін жетілдіруіне көмек көрсету;
- мұғалімдердің алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерін оқу және олардың идеяларын іс тәжірибеге енгізу;
- мектептің барлық жоспарларының орындалуы мен қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуын тұрақты тексеріп отыру.



Мектепішілік бақылаудың объектілері:

- үздіксіз білім беруді жүзеге асыру, оқушылардың оқу процесіне жауапкершілігін арттыру, оқушыларды белсенді қоғамдық өмірге тарту;
- мұғалімдердің әдістемелік және ғылыми-техникалық шеберлігін арттыру, ОТП сапасын жетілдіру;
- оқушылардың барлық пәндерден ББД терең және берік қамтамасыз ету;
- ата -аналармен байланысты түбегейлі жетілдіру;
- сынып жетекшісінің пән мұғалімдерімен байланыс деңгейін көтеру;
- барлық оқушыны мектептегі сабақтан тыс жұмыстарға тарту;
- оқытуда көмек көрсету мен өзара көмек көрсетуді ұйымдастыру;
- сынып жетекшісінің сынып ұжымын ұйымдастыру мен біріктірудегі ролі.

Мектепішілік бақылау функциялары:



- ақпараттық - сараптамалық;
- бақылау - диагностикалық;
- түзету-регулятивті;
- Мотивациялық - ынталандыру;
- Әдістемелік - ықпал етуші



Мектепшілік бақылаудың қағидалары:

- мұғалімнің кәсіби-педагогикалық өсуі мен шығармашылық әлеуетін ынталандыру;
- ақжарқындылық;
- жүйе субъектілерінің барлықтарын өзара байыту және өзарасыйластық;
- қызметтің ақпараттық және мотивациялық негіздері;
- әдістемелік бағыттылығы;
- жұмыстың жүйелігі және циклдік қайталануы;
- демократиялық;
- гуманизм, жариялылық;
- МІБ нәтижелерінің ашықтығы;
- жүйенің өзіндік және өзінің тұлға ретінде сақталуы.

Мектепшілік бақылаудың бағыттары:



- жаппай оқытудың ұйымдастыру-педагогикалық мәселелерін орындау;
- білім бағдарламаларының және мемлекеттік білім стандарттарының орындалу барысы мен сапасы;
- оқушылардың білім, білік және дағдыларының сапасы;
- оқушылардың тәрбиелілік деңгейі;
- оқытудың білім беру, тәрбиелеу және дамыту функцияларын жүзеге асырушы оқу пәндерін оқытудың жағдайы;
- сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың сапасы мен жағдайы;
- педагог кадрлармен жұмыс;
- оқушыларды тәрбиелеудегі мектеп, отбасы және қоғамның бірлескен әрекетінің тиімділігі;
- нормативтік құжаттар мен қабылданған шешімдердің орындалуы.

Мектепшілік бақылауды жүзеге асыруға бірқатар талаптар қойылады:

Ол болуы керек:

- жоспарланған,
- жүйеленген,
- мақсатқа бағытталған,
- кәсіби тұрғыда құзырлы ,
- жан-жақты,
- дифференциалданған және дараланған,
- әрекет етуші,
- барынша негізделген,
- интенсивті,
- нақты ұйымдастырылған,
- көпшілікке сүйенуі керек (арқа тұту)
- жоғары ғылыми деңгейде жүруі керек
- және тексеру нәтижесінің жариялылығын қамтамасыз етуі керек



Бұл талаптардың орындалуы неге әкеледі?

1. Бақылаудың тиімділігін қамтамасыз етеді.
2. Мектептегі МІБ жұмысының сапасын арттыруға ықпал етеді.
3. Педагогикалық ұжымда шығармашылық және өзара көмек атмосферасын тудырады.
4. Жақсы жұмыс істеуге ұмтылу мотивациясын дамытады.

Соблюдение вышеуказанных требований обеспечивает эффективность контроля, способствует повышению качества учебно-воспитательной работы в школе, создает в педагогическом коллективе атмосферу творческого труда, взаимопомощи, порождает стремление работать лучше.
повторяется



Бақылаудың жоспарлылығын, жүйелігін, мақсатқа бағыттылығын және әрекеттілігін жүзеге асыру үшін әрбір мектепте мыналар болуы керек:

Педагогикалық талдау нәтижелерін ескере отырып құрастырылған оқу –тәрбие жұмысының барлық бірліктерінің күйін тексеретін ортақ жоспар .

- ✓ Осы жоспар негізінде мектеп басшысы мен оның орынбасарлары бұл іске қоғамдық ұйымдар мен мұғалімдер активін тарта отырып өздерінің апталық жоспарларын құрастырады.
- ✓ Мектептегі қалыптасқан бақылауды жоспарлау жүйесі мынандай бөліктерден тұрады: **болашақтағы (перспективті) жоспар, жылдық және ағымдағы бақылау кестесі (графигі)**



Мектеп басшысы бақылауды:

- Қоғамдық ұйымдар және өзінің орынбасарларымен, бұл іске мұғалімдер активін тарта отырып *бірлесе атқарады*
- Осыған байланысты бұл әрекеттерді келісіп алу маңызды орын алады, мұғалімдердің жұмысына бірдей талап қою, оқушылардың білім сапасына және олардың еңбекке қатысуына.





Мектепшілік бақылау ЕРЕЖЕСІ


- мектеп ішілік бақылауды мектеп басшысы немесе оның ұсынысы бойынша мектеп басшысының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, бірлестік жетекшілері, басқа да мамандар жүргізеді;
- мектеп басшысы алдағы тексеру мерзімі, тексеру мақсаты, тексеру қортындысын өткізу мерзімі және тапсырма -жоспары жөнінде бұйрық жариялайды;
- тапсырма жоспары тексеруді қажет ететін нақты мәселелерді анықтайды және мектеп қызметінің жеке бөліктері бойынша немесе лауазымды адам жөнінде қорытынды құжаттарды дайындау үшін мектеп ішілік бақылаудың нәтижелелерінің салыстырмалығы мен жеткілікті хабардар болуды қаматамасыз ету керек.
- эксперттердің мектеп ішілік бақылау нысанына қатысы бар ақпараттарды талап етуге, құжаттарды зерттеуге құқықтары бар;
- тексеру барысында білім беру саласы бойынша Қазақстан Республикасы заңнамаларының бұзылғандығын анықталса ол жайлы мектеп басшысын хабардар етеді;
- оқушылардан эксперттік сұрақтар мен сауалнама(анкетирование)алу тек қажетті деп табылған жағдайда мектептің психологиялық және әдістемелік қызметтерінің келісімімен жүргізіледі;
- егер айлық жоспар кестесінде тексеру мерзімі көрсетілген болса жоспарлы тексеру жүргізуде алдын ала мұғалімді хабардар етудің қажеті жоқ. Арнайы(экстренный) жағдайда мектеп басшысы мен оның оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мұғалімдердің сабағына ескертусіз ақ қатыса алады;
- оперативті тексеру жүргізетін кезде мұғалім сабаққа қатысардан кем дегенде бір күн бұрын ескертіледі.


Мектепішілік бақылауды жүргізудің негізі:



1. педагог маманның аттестациядан өту жөніндегі өтініші;
2. жоспарлы бақылау;
3. басшылық шешімдер қабылдауға қажетті істердің жағдайын тексеру;
4. білім беру саласында болған тәртіп бұзушылыққа заң орындары мен жеке адамдар (физ.лиц)назарын аудару.

2. Мектепішілік бақылау ТЕХНОЛОГИЯСЫ





Бақылау технологиясы

(Жайтапова А.А., Саматокина Г.М.,)

- 1) **Стандартты анықтау** (белгілі бір уақыт аралығында жетуге тиісті мақсаттар мен міндеттерді белгілеу);
- 2) Білім беру жүйесінің іске асырылуы мен дамуын зерттеуші элементтің **актуальды деңгейін өлшеу** (мақсаттар мен міндеттердің нақты орындалуын тексеру);
- 3) **Жеткен деңгейді** күтілетін нәтижемен салыстыру;
- 4) **Егер шынайы орындау** белгілі бір уақыт кезеңінде орындаушы алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге сай келмеген жағдайда **проблеманы шешу.**



Бақылау процесі өзара байланысқан құрылымдық КЕЗЕҢДЕРден тұрады:


Куриленко Т.М.

1. бақылау мақсатын нақты және анық қою;
2. Бақылау бөлімшелеріндегі істің жай туралы **ақпараттар жинау**
3. Текерушілерге **нұсқау беру**;
4. Тексеру барысында **бақылаушыларға көмек беру**;
5. Бақылаудың **нәтижелерін есептеу және жиналған ақпаратты талдау**;
6. тексеру нәтижесін **ұжымда талдау**
7. бақылау нәтижесі бойынша анықталған кемшіліктерді жою мен оқу –тәрие жұмысын жоғары деңгейге жету мақсатында жетілдіруге бағытталған ұсыныстар дайындау, берілген нұсқауларды орындауды тексеру

Жайтапова А.А.

1. бақылау мақсатын нақты және анық қою;
2. Бақылау бөлімшелеріндегі істің жай туралы ақпараттар жинау
3. Текерушілерге нұсқау беру;
4. Тексеру барысында бақылаушыларға көмек беру;
5. Бақылаудың нәтижелерін есептеу және жиналған ақпаратты талдау;
6. тексеру нәтижесін ұжымда талдау
7. бақылау нәтижесі бойынша анықталған кемшіліктерді жою мен оқу –тәрие жұмысын жоғары деңгейге жету мақсатында жетілдіруге бағытталған ұсыныстар дайындау,
8. берілген нұсқауларды орындауды тексеру

3. Мектепішілік бақылаудың ТҮРЛЕРІ, ФОРМАЛАРЫ, ӘДІСТЕРІ



Бақылау мақсатына жетуде басты роль атқарады:



- **Тексеру нәтижесі жайында** мектеп басшысы, оның орынбасарлары және қоғамдық ұйымдар арасында **өзара ақпарат беру**
- Ол көп мақсатқа бағытталған және мамандандырылған бақылауды қамтамасыз ететін **жолшыбай /попутные/** мақсаттық ұстанымдарды көтеруге/ ұсынуға мүмкіндік береді



Бақылау түрлері:

1. Алдын - ала бақылау
2. Ағымдағы бақылау
3. Тақырыптық бақылау
4. Қорытынды бақылау
5. Жеке /дара/ бақылау
6. Фронтальды –шолу бақылау
7. Сыныптық -жалпылама бақылау
8. Салыстырмалы бақылау
9. Проблемалық –жалпылама бақылау
10. Жедел /Оперативті/ бақылау



Мектептегі бақылау түрлері:

Түрлері	Мазмұны
1. Алдын -ала бақылау	<p>Оны өтетін сабақ не сабақтан тыс іс шара алдында немесе бірнеше күн бұрын өткізеді.</p> <p>Алдын - ала бақылаудың негізгі мақсаты – мұғалімнің алдағы тұрған іске даярлығын талдау және оған дайындық кезеңінде қажетті әдістемелік көмек беру.</p> <p>Ол мектеп басшысының мұғаліммен сұхбаттасуы және оның барлық құжаттарымен танысу барысында жүзеге асырылады.</p> <p>Бұндай бақылау әрбір мұғалімнің әлеуеттік (потенциалды) мүмкіндіктерін, оның кәсіби қабілеттері мен біліктерін анықтауға, белгіленген істі шешудің жақсы варианттарын көрсетуге мүмкіндік береді.</p> <p>Бұнда бастысы “Ұстап алу емес”, “көмектесу”, “қателіктің алдын алу”.</p>
2. Ағымдағы бақылау	<p>Ол оқу - тәрбие міндеттерін іске асыру сәтінде оқу жылының кез келген уақыт аралығында жүзеге асырылады.</p> <p>Ағымдағы бақылауға мектеп қызметінің барлық саласы ұшырайды: мектеп жұмысы жоспарының және басқа да басқару шешімдерінің орындалу нәтижесі жөнінде толық нақты ақпараттар алу мақсатында оқыту мен тәрбие сапасы, оқушылардың оқу, еңбек және қоғамдық қызметтері.</p> <p>Бұндай ақпараттың болуы оқу – тәрбие процессін және мектепті тұтас мақсатты басқаруға мүмкіндік береді.</p>

Мектептегі бақылау түрлері

Түрлері	Мазмұны
3.Тақырыптық бақылау	<ul style="list-style-type: none">• Бақылаудың бұл түрі мұғалімнің бір үлкен оқу бағдарламасы немесе оның оқу - тәрбие жұмысын жетілдіру мен педагогикалық шеберлігін артыруда үлкен маңызы бар дайындаған педагогикалық проблемасының шеңберіндегі жұмыс жүйесін зерттеуді жоспарлайды• Тақырыптық бақылау мұғалімдер ұжымының оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің маңызды міндеттерін іске асыруын тексеру үшін де жоспарланады.• Бақылаудың бұл түрі басшлардан жақсы дайындықты талап етеді: тексерілетін жұмыс көлемін анықтау, жеке сұрақтарды сұрыптап алу, барлық тексерушілер үшін жұмыс жоспарын дайындау, оларға нақты нұсқау беру. Дұрыс ұйымдастырылған тақырыптық бақылау оқу – тәрбие жұмысының маңызды сұрақтарын тереңірек зерттеуге /оқуға мүмкіндік береді. Бақылау жоспарында терең ойластырылған тақырыптық тексерулердің болуы мектеп басшысының мектепті басқару ісіне байыпты қарайтындығын көрсетеді.
4.Қорытынды бақылау	<p>Мұғалімнің оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу бағытындағы жұмысының барлық нәтижелерін зерттеуді /оқуды және оқушылардың оқу бағдарламасының материалдарын мықты меңгергендігі жайлы шынайы объективті суреті мен олардың тәрбиелік деңгейін анықтауды мақсат етеді. Бұндай бақылау тоқсан, жартыжылдық соңында, оқу жылының аяғында , сондай ақ оқу бағдарламасының үлкен бір бөлігін оқып біткен соң жүргізу ұсынылады.</p> <p>Тексеру мұғалімде бар мәліметтерді мектеп әкімшілігі жүргізген бақылау жұмысы және оқушыларға берген жеке сауалнамаларының нәтижелерімен салыстыру мен талдау арқылы жүргізіледі.</p>

Мектептегі бақылау түрлері

Түрлері	Мазмұны
5. Жеке/дара бақылау	<p>Ол мұғалім жұмысын ұзақ зерттеуге және оған жолай көмек көрсетуге есептелген. Басшы мұғалімнің белгілі бір уақыт мерзіміне жұмыс кестесі және графигімен белгіленген барлық қызметін бақылайды. Ол сабақ және сабақтан тыс сағаттарға қатысады, мұғалімнің жеке іс құжаттары мен оқушылардың жұмыстарын қарайды.</p> <p>Жеке/дара бақылау мұғалімнің кәсіби қызметінің жүйесін зерттеу/оқу мақсатында қолданылады және педагог кадрлармен жұмыс істеуде ең жақсы құрал болып табылады.</p>
6. Фронтальды-шолу жасай бақылау	<p>Оны оқу жылының басында әр мұғалімнің жаңа оқу жылына дайындалғанының қандай екендігін және ол өз шеберлігін немен шыңдағанын анықтау үшін пайдалану ұсынылады.</p> <p>Бұл бақылау үшін тұтас педагогикалық ұжымның және әр мұғалімнің жеке жұмысымен жалпы танысу мақсатында бір рет қана сабаққа қатысу тән.</p> <p>Фронтальды – шолу жасай бақылауды <i>жаңа тағайындалған мектеп басшысы</i> ұжым мүшелерімен алдын ала, әрі жылдам танысу үшін қолданғаны пайдалы.</p> <p>Фронтальды-шолу жасай бақылаудан кейін мұғалім жұмысының қыр-сырын терең зерттей/анықтай отырып келешекте оған қажетті көмек беруге ықпал ететін бақылаудың басқа түрі жүруі керек.</p>

Мектептегі бақылау түрлері

Түрлері	Мазмұны
7. Сыныптық – жалпылама бақылау	<p>Көп қырлы болып табылады. Ол бір сыныптағы оқу –тәрбие жұмысының жағдайын ұзақ уақыт мерзімінде зерттеуді ұсынады.</p> <p>Барлық оқу пәндерінің оқытылу жағдайы, оқушылардың білім сапасы, олардың түрлі сабақтардағы оқуға деген қатынасы, жұмысқа қабілеттілігі мен белсенділігі зерттеу мен тексеруге ұшырайды. Тексеру барысында жиналған ақпараттарды талдау оқушылардың не себептен әр мұғаліммен әр түрлі байланыста болатынын және әр түрлі жұмыс істейтіндіктері жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.</p> <p>Басқа бақылау түрлеріне қарағанда барлық мұғалімдердің оқушыларға қойылатын бірдей талапты орындауларын тексеруге сыныптық –жалпылама бақылау жақсы мүмкіндік береді.</p>
8.Салыстырмалы бақылау	<p>Параллель сыныптарда сабақ беретін және ортақ бір пән оқытатын немесе бірдей педагогикалық проблеманы дайындайтын мұғалімдердің білім беру сапасы мен олардың нәтижеліліктерін бір мезетте тексеруді мақсат етеді.</p> <p>Бұл мұғалімдердің сабағына қатыса отырып мектеп басшысы олардың оқыту мен тәрбиелеу әдістерін салыстырады және ең тиімдісін анықтайды.</p> <p>Жеке мұғалімдердің алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерін анықтауда бақылаудың осы түрін қолдануға болады.</p>

Мектептегі бақылау түрлері

Түрлері	Мазмұны
9. Проблемалық – жалпылама бақылау	<p>Мектеп ұжымының қарастырып жатқан психолого – педагогикалық проблемасының дайындалу және тәжірибеге енгізілу деңгейін анықтауды білдіреді.</p> <p>Бақылаудың бұл түрі жоспарларды, әдістемелік әзірлемелерді оқу/зерттеу, оқу-тәрбие процесіне аталмыш проблеманың жеке ережелерін(положения) енгізуді және оқушылардың білім сапасы, білігі мен дағдысынан, сондай ақ тәрбиелік деңгейінен көрінетін нәтижелерді тікелей бақылау арқылы іске асады.</p> <p>Қарастырылып жатқан проблема идеяларын тәжірибеге ендіруді зерттеу мектеп басшыларына оның оқу – тәрбие процесін жетілдіруге ықпалы жайлы ой түйіндеп қорытынды жасауларына мүмкіндік береді.</p>
10. Жылдам /оперативті бақылау	<p>Бұл бір сыныптағы оқу –тәрбие процесінің күйін немесе бір мұғалімнің қызметін бір күндік бақылау.</p> <p>Ол қандай да бір орын алған оқиғадан кейін, мұғалім немесе сынып жетекшісі тарапынан түскен сигнал, мектеп басшысының интуициясы негізінде жүргізіледі.</p> <p>Бұндай бір күндік бақылау нәтижесі бойынша мектеп басшылары әдетте тақырыптық бақылауды жоспарлайды.</p>

Тағы да ...

- **Бақылаудың қандайда бір түрін таңдап алу** оқу – тәрбие жұмысының жағдайына және ол жағдайдың педагогикалық талдау нәтижелерінен туындайтын нақты мақсаттық ұстанымдарға байланысты


Бақылау барысында нақты бір бөлімшедегі істің жағдайы жайлы алынған барлық ақпараттың есепке алынуы анық болуы **маңызды**.

Оны дұрыс пайдалану мектеп басшысына педагогикалық ұжым мүшелерінің күштерін мектепті басқару тиімділігін арттыруға, алға қойылған мақсатты орындауға үйлестіруге мүмкіндік береді.

- **Бақылау түрін таңдай отырып, мақсаттық ұстанымды белгілей отырып, мектеп басшысы сай келетін тексеру әдістерін анықтауы керек.**
- Олар енжар /пассивті (сабақты бақылау, оқушылар әрекеті және кейбір жеке процестердің барысына хронометрия жасау, мұғалім құжаттары мен оқушылар әрекеттерінің нәтижесін талдау) және белсенді (сұхбат, оқушымен жеке сауалнама жүргізу, оқушылардың білімін жазбаша тексеру).



Бақылауды ұйымдастыру формалары:




1. **Дара –өзіндік** (мектеп басшысы жұмыстың қандайда бір бөлігін өзі тексереді)
2. **Ұжымдық** (бақылауды тексерушілер тобы жүргізеді)

Мектепшілік бақылау формалары:

1. персоналды,
2. тақырыптық,
3. сыныптық -жалпылама,
4. комплексті.

Мектептегі бақылау әдістері



Мұғалім қызметін бақылау әдістері:

- сауалнама,
- тестілеу,
- әлеуметтік сұрақ,
- мониторинг,
- бақылау,
- құжаттармен танысу,
- сабақтарды өз бетіндік талдау,
- оқушылардың әрекеттері жайлы сұхбат,
- оқушылардың оқу әрекетінің нәтижелері.

Оқыту әрекетінің нәтижелерін бақылау әдістері:

- бақылау,
- ауызша сауал/сұрақ,
- жазбаша сауал/сұрақ
- білімді жазбаша тексеру (бақылау жұмысы),
- аралас тексеру,
- сұхбат,
- сауалнама,
- тестілеу,
- құжаттарды тексеру.

Бақылау әдістері мынандай болады:



- Оқушылардың білім сапасын бақылауда мектеп басшылары енжар (пассивті) тексеру әдістерімен қатар белсенді (активный) әдістерді қолданады.
- Олар оқушылардың сабақтағы әрекеттерін бақылайды, олардың жауаптарын, жазба жұмыстарының (үй және бақылау) нәтижелерін оқиды, сынып журналындағы бағаларды талдайды, сондай ақ қысқа мерзім аралығында сабаққа қатысу барысында білім, білік және дағдыларын өзі тексереді.
- Білім сапасын бұндай қысқа мерзімді тексеру мектеп басшысы сабаққа басқа мақсатпен қатысқанда да мүмкін. Алайда бұндай қысқамерзімді сауалда оларға бақылау мазмұны және алдыңғы сабақ бойынша сұрақтар берген жөн.

Мысалы,

- Егер мектеп басшысы сабақтың суреттемесін алу мақсатын қойса, яғни сабақта болып жатқан нәрсенің барлығын тіркегісі келсе сабақтың нақты көрінісін қағазға түсіруге көмектесетін біраз әдістерді және техникалық құралдарды қолдануы керек
- Бұл жағдайда бақылау негізгі роль атқарады. Нәтижесін өзің жазып алуға болатындықтан немесе бұндай мақсат үшін сабақтағы түрлі процестердің (өз бетіндік жұмыс, жаңа материалды тексеру, танымдық әрекет процесіндегі оқушылардың белсенділік ұзақтығын және т.б.) жүру ұзақтығын анықтауға мүмкіндік беретін магнитофон, хронометрді қолдануға болады.



Бақылау кезінде СҰХБАТТАСУ ӘДІСІ кеңірек пайдаланылады

- Тексеруші мұғаліммен, оқушымен немесе мектептегі басқа жұмысшылармен жүргізетін ...
- Сұхбат барысында мұғалім жұмысын бақылау кезінде, сондай ақ құжаттарды талдау мен қарау сәтінде, оқушылардың сабақ және сабақтан тыс уақытта жүргізетін әрекеттерінің нәтижесінде туындаған барлық сұрақтарды анықтауға мүмкіндік туады.



Әр тоқсан аяғында жүргізілетін **Қорытынды** бақылау барысында жүргізу орынды:



- Оқушылардан **ауызша сұрақ алу** немесе сабақ бойы бақылау жұмысын алу
- **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары** өткен бағдарлама материалдарының мәліметтерін ескере отырып **алдын ала дайындалады**. Сондай ақ тексеру әдістерін түрлендірген маңызды: жеке сауал алуды қысқа жазба жұмыстарымен араластыра отырып,
- **использовать карточки с печатной основой или специально разработанные задания для безмашинного программированного контроля.**

Оқушылардың білімінің нақты көрінісін анықтауда аралас тексеру әдісі жақсы нәтиже береді. Аралас тексеру әдісі барысында келесі тексеру жұмыстары қолданылады:

- ✓ фронтальды сауал;
- ✓ жеке карточкаларға жазылған тапсырмалар бойынша дайындалған бірнеше оқушыны тақта алдында сұрау;
- ✓ жеке карточкалар бойынша дайындалған барлық оқушылардың жазбаша жауабы;
- ✓ жалпы жазбаша жұмыс. Білім сапасын тексерудің бұл түрі тиімді болып табылады, бірақ ол мектеп басшысынан үлкен байындықты талап етеді.

Бақылауды жүзеге асыру кезінде тек білім сапасын ғана тексеріп қоймай, нақты тапсырмаларды орындағандағы ойлау тәсілінде тексеру қажет.

4. Мектепішілік бақылау ҚҰЖАТТАРЫ



Мектепшілік бақылау нәтижесін тіркеу (оформление) түрлері




1. Сараптамалық анықтама,
 2. мектепшілік бақылау нәтижесі жайында анықтамалар,
 3. Тексерілген істің жағдайы жайлы баяндама
- Соңғы мәліметтер нақты фактілерді, қорытындыларды және қажет болса ұсыныстарды қамтуы қажет. Нәтиже жөніндегі ақпарат мектеп қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

Мектепшілік бақылаудың формасы, мақсаты мен міндеттеріне байланысты, сондай ақ істің нақты жағдайына қарай ЕҢ СОҢЫНДА:

- ✓ Педагогикалық немесе әдістемелік кеңестер отырысы, педагогтар құрамымен шаруашылық және жұмысшы отырыстар (совещания) өткізіледі;
- ✓ айтылған ескертулер мен ұсыныстар мектеп ісінің номенклатурасына сай құжаттарға тіркеледі;
- ✓ мектепшілік бақылау нәтижесі мұғалімдерді аттестациядан өткізу кезінде ескерілуі мүмкін, алайда сараптама жүргізуші (эксперттік) топтың шешім қабылдауына негіз болмайды.



Мектеп басшысы БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕСІ бойынша төмендегі ШЕШІМДЕРДІ қабылдайды:



- ✓ Бұйрық шығару;
- ✓ МІБ соңғы мәліметтерін алқалы (коллегиальный) органда талдау;
- ✓ сараптамашыларды тарта отырып бақылауды қайта жүргізу;
- ✓ лауазымды адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту;
- ✓ қызметкерлерді марапаттау;
- ✓ өз құзырлығы шеңберінде

Оқушылар мен олардың ата - аналарына арналған жолдауындағы тексеру нәтижелері жайлы мәліметтер, сондай ақ басқа адамдар мен ұйымдардың жолдаулары мен сұраныстарында. Олар белгіленген тәртіппен және белгіленген уақытта хабардар болады.

Инструктивно-методическое письмо, стр. 34

- Внутришкольный контроль предполагает проверку выполнения ГОСО, Типовых учебных планов, Типовых учебных программ, среднесрочных, краткосрочных планов, личных дел обучающихся и т.д.
- Для осуществления эффективной организации учебного процесса и внутришкольного контроля с учетом внедрения обновленного содержания образования рекомендуются следующие нормативы для администрации общеобразовательных школ (таблица 5).

Нормативы внутришкольного контроля для общеобразовательных школ

- п/п Объекты контроля Норма
- 1 Посещение, наблюдение и анализ урока - не менее 10-15 уроков в месяц (для заместителей директоров)
- - не менее 8-10 уроков в месяц (для директора организации образования)
- - в зависимости от цели посещение может длиться от 15 до 40 минут
- 2 Проверка краткосрочных планов и календарно-тематических планов по необходимости
- 3 Проверка классных журналов по необходимости
- 4 Проверка выполнения СОР и СОЧ 1 раз в четверть

Назарларыңызға рахмет!

